

Ақшалай талапты беріп қаржыландыру

Ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты бойынша бір тарап (қаржы агенті) ақшаны басқа тараптың (клиенттің) билігіне береді немесе беруге міндеттенеді, ал клиент қаржы агентіне клиенттің (кредит берушінің) осы үшінші тұлғамен (борышқормен) қатынастарынан туындайтын өзінің ақшалай талабын қаржы агентіне береді немесе беруге міндеттенеді

Факторинг




Ақшалай талапты беріп қаржыландыру туралы шарттың нысаны

- *Ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты осы Кодекстің 346-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып жазбаша түрде жасалуға тиіс*

Қаржыландыруды алу мақсатындағы берілген ақшалай талап

- *Төлем мерзімі келген ақшалай талап (қойылып келген талап) та, болашақта туындайтын ақша алу (келешектегі талап) құқығы да қаржы беру нысанасы болуы мүмкін*
- *Қолданылып келген ақшалай талап шарт жасалған кезден бастап, егер онда өзгеше көзделмесе, қаржы агентіне ауысты деп есептеледі.*
-

Ақшалай талапты беріп қаржыландыру туралы шарттың НЫСАНЫ



Клиенттің қаржы агентінің алдындағы жауапкершілігі

- Егер шартта өзгеше көзделмесе, беру нысанасы болып табылатын ақшалай талаптың жарамсыздығы үшін қаржы агентінің алдында клиент жауапты болады.
- Егер клиент ақшалай талапты беру құқығына ие болса және осы талапты беру кезінде борышқордың ол талапты орындамауға құқығы болатын мән-жайлар оған белгісіз болса, беру нысанасы болып табылатын ақшалай талап жарамды деп танылады.
- Егер клиент пен қаржы агентінің арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, клиент қаржы агенті оны орындауды ұсынған жағдайда беру нысанасы болып табылатын талапты борышқордың орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауап бермейді.

Клиенттің қаржы агентінің алдындағы жауапкершілігі



1. Қаржы агентіне ақшалай талапты беру, тіпті клиент пен оның борышкері арасында оған тыйым салу немесе оны шектеу туралы келісім болғанда да жарамды болып табылады.

Талапты беруге тыйым
салудың жарамсыздығы

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген ереже клиент пен борышкер арасындағы оған тыйым салу немесе оны шектеу туралы қолда бар келісімді бұза отырып талапты беруге байланысты клиентті борышкер алдындағы міндеттемелерден немесе жауаптылықтан босатпайды.

Борышқор қаржы агентіне ол клиенттен немесе қаржы агентінен ақшалай талаптың аталған қаржы агентіне берілгендігі туралы жазбаша хабарлама алған жағдайда төлем жүргізуге міндетті.

Борышқордың қаржы агентіне ақшалай талапты орындауы

Борышқордың қаржы агенті алдында ақшалай талапты орындауы осы баптың ережелеріне сәйкес борышқорды клиенттің алдындағы тиісті міндеттемелерінен босатады.

Борышқордың өтініші бойынша қаржы агенті қисынды мерзімде борышқорға ақшалай талаптың қаржы агентіне шындығында берілгеніне дәлелдеме ұсынуға міндетті. Егер қаржы агенті бұл міндетті орындамаса, борышқор клиенттің алдындағы өзінің міндеттемелерін орындау үшін оған аталған талап бойынша төлем жүргізуге құқылы.

Қаржы агентінің борышқордан алынған сомаларға құқықтары

- Егер ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты бойынша клиентті қаржыландыру одан осы талапты қаржы агентінің сатып алуы жолымен жүзеге асырылса, соңғысы борышқордан талапты орындау үшін алатын барлық сомаға құқықты иемденеді, ал клиент өзі алған сома қаржы агенті клиентке төлеген сомадан аз болғаны үшін қаржы агенті алдында жауап бермейді.
- Егер қаржы агентіне ақшалай талапты беру клиенттің агент алдындағы өзінің міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету әдісі ретінде жүзеге асырылса және талапты беріп қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе, қаржы агенті клиентке есеп табыс етуге және оған талапты беріп қамтамасыз етілген клиент міндеттемелері сомасынан асатын соманы беруге міндетті. Егер қаржы агенті борышқордан алған ақша клиенттің қаржы агентіне талапты берумен қамтамасыз етілген міндеттемелері сомасынан аз болып шықса, клиент міндеттемелердің қалған бөліктері бойынша жауапты болады.

Ақшалай талапты кейін беру

- *Егер ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе, қаржы агентінің ақшалай талапты кейін беруіне жол берілмейді.*
- *Шартта ақшалай талапты кейін беруге жол берілген жағдайларда оған тиісінше осы тараудың ережелері қолданылады.*

Борышқордың қарсы талаптары

- *Қаржы агенті борышқорға төлем жүргізуді талап еткен жағдайда, борышқор осы Кодекстің 370-бабына сәйкес талаптың қаржы агентіне берілгені туралы жазбаша хабарламаны өзі алған уақытта борышқорда болған, клиентпен арадағы шартқа негізделген өзінің ақшалай талаптарын есепке алуға ұсынуға құқылы.*

•

Қаржы агенті алған сомаларды борышқорға қайтару

- *1. Клиент борышқормен жасалған шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, соңғысы агентке ауысқан талаптар бойынша өзі төлеген сомаларды, егер борышқордың осындай соманы тікелей клиенттен алуға құқығы болса, қайтаруды қаржы агентінен талап етуге құқығы жоқ.*
- 2. Талапты берудің нәтижесінде қаржы агентіне төленген соманы тікелей клиенттен алуға құқығы бар борышқордың қаржы агентінен бұл сомаларды қайтаруды, егер соңғысының клиент алдындағы талаптың берілуі бойынша оны қаржыландыруды жүзеге асырудағы міндеттерін орындамағаны не борышқордың алдындағы талаптың берілуіне байланысты қаржыландыруға жататын міндеттемені клиенттің орындамағанын біле тұра қаржыландыруды жүргізгені дәлелденсе, дегенмен де талап етуге құқылы.
-

Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру кезінде ақшалай талап етуді беру

- *Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру кезінде ақшалай талап етудің берілуіне орай қаржыландыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамалық актісінде белгіленеді. Егер Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамалық актісінде өзгеше белгіленбесе, осы тараудың ережелері жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру мәмілелеріне қолданылады.*

Жобалық қаржыландыру және
секьюритилендіру кезінде ақшалай талап етуді
беру

